ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШ"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ

ГОРОДА Шымкент

ТОО "Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail:dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 2 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 157

ПРИКАЗ

город Шымкент

Әдістеме бірлестігі туралы

Мектепте әдістемелік жұмыстарының тиімділігін арттыру, әдіс алмасу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте әдістеме бірлестігінің құрылып, бірлестік жетекшілері бекітілсін.

2. Қазақ ,орыс, ағылшын тілі бірлестік жетекшісі- АЖ..Зортаева
Физика,информатика,математика бірлестік жетекшісі- К.К.Усенбаева
Химия,биология,география бірлестік жетекшісі- А.А.Колбай
Тарих,АӘД, дене тәрбиесі бірлестік жетекшісі- Д.Ш.Оспанов
Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігі жетекшісі- Ұ.Ә.Өрісбай

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры И.Х.Хамидов

Бұйрықпен таныстым: _____ А.Ж.Зортаева
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ Усенбаева К.К.
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ Колбай А.А
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ Оспанов Д.Ш
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ Өрісбай Ұ.Ә.
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бұйрықпен таныстым: _____ _____
қолы қолтаңбаның толық мәні

Бекітемін
Мектеп директоры
И.Х.Хамидов

«Dostyk school Shymkent» мектебі
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Өткен жылдардағы жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып, мектеп ұжымы әдістемелік тақырып бойынша жұмысын жалғастыруда: «*Білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу және оқыту*»

Әдістемелік жұмыстың мақсаты:

- білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында оқу процесін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- азаматтардың білім алуға конституциялық құқығын іске асыру үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету;
- жеке тұлғаның мүдделеріне сәйкес үздіксіз білім алу үшін жағдай жасау;
- білім беру процесіне қатысушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;
- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.
-өскелең ұрпақты «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жалпыұлттық идея құндылықтарын тәрбиелеу,жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі мен рухани дамуын қамтамасыз ету;
- оқушыларды оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін игеру;
- пәдагогтің білім беру процесін ұйымдастыруға және жүргізуге жалпы дидактикалық және әдістемелік даярлығының деңгейін арттыру;
- педагогикалық ұжым мүшелері арасында тәжірибе алмасу.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай **міндеттер** айқындалды:

1) педагог пен баланың оқыту қызметіне нормативтік талаптарды белгілеу;
2) Нақты білім беру саласын оқыту міндеттеріне неғұрлым толық жауап беретін педагог пен оқушының өзара іс-қимылының әдістерін, әдістемелік құралдарын және ұйымдық нысандарын айқындау;
3) педагогтерге теориялық және әдістемелік білімді ұдайы жаңарту мүмкіндігін қамтамасыз ету;
4) кәсіби шеберлікті арттыру және озық педагогикалық (және әдістемелік) тәжірибе алмасу үшін жағдайлар жасау.
5)ұжымның да, оның әрбір мүшесінің де шығармашылық әлеуетін жеке іске асыру үшін жағдайлар жасау;
жас және жаңадан қабылданған мамандардың жұмысын сүйемелдеу.
6) оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал ететін тиімді әдіс-тәсілдер мен тұлғаға бағытталған тәсілдерді игеруді жалғастыру;
7) оқуға ынтасы жоғары және үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі жеке жұмысты жалғастыру;

Әдістемелік кеңес отырыстары

Отырыстың мерзімі	Форматы және тақырыбы	Мазмұны	Жауапты
ТАМЫЗ - ҚЫРКҮЙЕК	№ *1 отырыс (бастапқы)* "2024-2025 оқу жылына арналған оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелері мен перспективалары"	1. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы (нұсқау хатпен таныстыру) 2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістеме саласының жұмыс жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну. -әдістемелік кеңес құрамын бекіту; -әдістемелік бірлестіктердің жетекшілерін тағайындау; - Пән апталықтарын бекіту	ДБІЖО Шакен Ә Қ, Ә/Б жетек-лер
-ҚАЗАН--ҚАРАША	№ *2 отырыс* "Оқуға деген ынтасы жоғары оқушылармен жұмыс істеудегі заманауи тәсілдер".	1. Олқылығы бар оқушылармен жүргізілетін жұмыстар туралы 2. Мектепішілік пән олимпиадасының даярлық барысы туралы 3. I тоқсан өтілген пән апталықтар қорытындысы 4. «Lesson study» зерттеу сабағын ұйымдастыру туралы	ДБІЖО Шакен Ә Қ, Ә/Б жетек-лер, ұстаздар.
ЖЕЛТОҚСАН-- ҚАҢТАР-	№ *3 отырыс* "Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту арқылы оқушыларды оқытуға ынталандыруды арттыру"	1.Мектепті басқару және оқытуды жүзеге асыруда «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін, әдіс-тәсілдерін кеңінен енгізу 2. Мектептің даму жоспары бойынша атқарылған жұмыстар жайлы	ДБІЖО Шакен Ә Қ, Ә/Б жетек-лер, ұстаздар.
-АҚПАН--НАУРЫЗ	№ *4 отырыс* "Оқу процесінің динамикасы"	1. III-тоқсандағы оқушылардың оқу нәтижелерін талдау. Мектепішілік бақылау қорытындысы. 2. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары. 3. 10-11 сыныптарда бейіндік пәндер бойынша оқушыларды оқыту сапасы;	ДБІЖО Шакен Ә Қ, Ә/Б жетек-лер, ұстаздар.

		4.10-11 сыныптарда тарих пәнінен сауаттылықтарын анықтау; 5.11 сынып оқушылардың қорытынды аттестаттауға, ББЖМ -ға дайындау туралы ақпарат.	ДОІЖО Токбурина С.Б
СӘУІР---МАМЫР	№ ***5 отырыс*** "Мектептің 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмысының тиімділігін бағалау"	1. 2024-2025 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмысына талдау. Мектептің әдістемелік бірлестіктерінің мәселелері мен жұмыс перспективалары. 2. 2024-2025 оқу жылында мектептің педагог кадрларының біліктілігін арттырудың курстық жүйесін, аттестаттау қорытындысын шығару. 3. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты талдау. 4. Оқушылардың қорытынды мемлекеттік аттестаттауға қатысуға дайындығы, ҰБТ.	ДБІЖО Шакен Ә Қ, Ә/Б жетек-лер, ұстаздар.

№1 Әдістемелік кеңес
31 тамыз 2024 жыл

Төрағалық етуші: Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары- Шакен Ә.Қ.
Қатысқандар: Мектеп педагогтары

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы (нұсқау хатпен таныстыру)
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістеме саласының жұмыс жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну.
   -әдістемелік кеңес құрамын бекіту;
   -әдістемелік бірлестіктердің жетекшілерін тағайындау;
   - Пән апталықтарын бекіту

3. 2024-2025 оқу жылының басында барлық пәндер бойынша білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында әкімшілік бақылау өткізу туралы
4. «Kundelik.kz» электронды мектеп журналдары жүйесі туралы
5. «Жаңашыл» шығармашылық топ құрамын бекітуге ұсыну, жоспарымен таныстыру;
6. Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары- Шакен Ә.Қ. әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әдістемелік кеңестің **бірінші сұрағы бойынша** мектеп ұжымын 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқау хатпен таныстырды. Сонымен қатар ол өз сөзінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. 2024-2025 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керектігін айтты.

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру. Орта білім беру

ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері бойынша тоқталды. Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары *ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен* бекітілген *(2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген*). Таңдау үшін 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген үлгілік оқу жоспарлары ұсынылады *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)деді.*

Екінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылына арналып құрылған әдістемелік жоспармен және онда қаралған сұрақтармен таныстырылды. Әдістемелік кеңес жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсанда бекітілген №644 бұйрығының ережелері мен талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік жоспары қаралып талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Әдістемелік бірлестік жетекшілері төмендегідей болып тағайындалды.
Қазақ ,орыс, ағылшын тілі бірлестік жетекшісі- А.Ж.Зортаева
Физика,информатика,математика бірлестік жетекшісі- К.К.Усенбаева
Химия,биология,география бірлестік жетекшісі- А.А.Колбай
Тарих,АӘД, дене тәрбиесі бірлестік жетекшісі- Д.Ш.Оспанов
Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігі жетекшісі- Ұ.Ә.Өрісбай

Оқу – тәрбие үрдісіндегі бірыңғай қағидасын іске асыру мақсатында барлық педагогикалық тәрбие және әдістемелік қызметін бірігіп жоспарлау, басқару және үйлестіру үшін педагогикалық әдістемелік кеңес құрамы талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Мектеп – лицейдің оқу жоспарына сәйкес 2024 – 2025 оқу жылына пән апталықтарының тақырыптары талқыланып, айларға бөлінді. Мақсаты - білім алушылардың қызығушылығы мен креативтілігін, педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру пәндеріне қызығушылықты дамыту, оқуға ынталандыру.

Қыркүйек - Қазақ тілі мен әдебиеті
Қазан – Орыс тілі мен әдебиеті
Қараша – Ағылшын тілі
Желтоқсан – Тарих, география
Қаңтар –физика, информатика
Ақпан –Биология, химия
Наурыз – Дене шынықтыру
Сәуір – математика
Мамыр – АӘД

Күн тәртібіндегі **үшінші мәселе бойынша** 2023-2024 оқу жылының басында барлық пәндер бойынша білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында әкімшілік бақылау өткізу туралы директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ. бірлестік жетекшілерге хабардар етті.

Төртінші мәселе бойынша

«Kundelik.kz» электронды мектеп журналдары жүйесі туралы директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ.

2023-2024 оқу жылындағы білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету:

Электронды журнал білім беру процесі мына негізде жүзеге асырылады: «Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі» жобасын пилоттық енгізу туралы (2016ж.29 тамыз №536).

Жүйеде білім беру ұйымдарының жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 29.08.2016 жылдан бастап, №536 бұйрығымен Kundelik.kz жүйесі жүргізіліп келеді. Сабақ кестесі электронды журналға ендірілді. Сынып жетекшілер оқушылардың жеке мәліметтерін (оқушының аты-жөні, туған жылы, күні, айы, электрондық поштасы, мекен-жайы, ұялы телефоны, алфавиттік нөмірі, туысқаны тіркелді, ата-анасының ұялы нөмірі, медициналық көрсетілім беті толық толтырылды). Ата-аналарға, оқушыларға логин, порольдары толығымен таратылды. Мұғалімдерге күнделіктің жүргізілуі туралы нұсқаулықпен таныстырып, қол қойдырылды. Күнделікте өзгеріс болған сайын мұғалімдерге дер кезінде хабардар етіп отырдым. Сабақ барысы бойынша, ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер арасында кері байланыс жүргізіліп отырылды. БЖБ, ТЖБ жүргізу барысында, күнделік жүйесінде алдын ала хабарландыру жасалынып отырды. Пән мұғалімдері КТЖ күнделік жүйесіне ендірді. Мұғалімдер формативті бағалау жүргізіп, БЖБ, ТЖБ жұмыстарын уақытына алып, оқушыларға кері байланыс жүргізіліп отырды. Электронды сынып журналының жүргізілуі, қалыптастырушы және жиынтық бағаның дұрыс қойылуы, түзетілмеуі, тоқсан бойынша оқушылардың баға қоры, электронды журналдың жоспарға сай толтырылуы, оқушылардың сабаққа қатысуы (ауырғаны, кешіккені, себепсіз келмегені туралы мәліметтің дер кезінде толтырылуы), үй тапсырмасының, жалпы оқуға тарту бетінің дұрыс толтырылуы, журналдың мекен-жайы атын толтыру, эстетикалық талапқа сай толтырылуы қадағаланып отырылды. Әр тоқсан сайын стандарттың орындалуы қаралды. Мерекелік күндер кіріктіріліп жазылуына байланысты бұйрық шығарылды және екі тақырыпты бір күнге дроб арқылы жазылатындығы түсіндірілді. Пән мұғалімдерінің күнделік жүйесін талапқа сай орындауы үнемі қадағалануда болды. Пән мұғалімдері сабақ кезінде сабақ өткізілді белгісі, формативті бағалау, үй тапсырмасын қосу арқылы үйге тапсырма беру жұмыстары үнемі тексеріліп, уақытында түзетіліп отырылды. Күнделік жүйесі бойынша, пән мұғалімдерін уақытында тексеріп, толтырылмаған жерлерін сол күні орындауы қадағаланды. 11 сыныпты бітірген оқушылардың аттестаттары күнделік жүйесіне енгізілді. Кейбір түсінбеген сұрақтары болып жатқан кезде, видео арқылы мұғалімдерге жіберіліп толықтырулар жасалынады. Сонымен қатар апта және ай сайын күнделіктің жүргізілуі бойынша мониторинг жасалынып отырылады.

Бесінші мәселе бойынша қоғамдық білімнің жаңа құбылыстарын түсінетін, көзқарастар жүйесіне ие, идеялық- адамгершілікті, мәдени және

этикалық қағидаларды ұстанатын, әлеуметтік жауапкершілікті қызметке және тез өзгергіш әлемдегі үздіксіз білім алуға дайын болуды қамтамасыз ететін, жан- жақты білімді, әлеуметтік белсенді шығармашылық тұрғыда дамитын тұлғаның қалыптасуына көмектесетін кәсіби шеберлігі шыңдалған мұғалімдерді дамыту мақсатында шығармашылық топтың жаңа оқу жылындағы мақсаты мен міндеттерін, шығармашылық топ ережесі жасақталып, топ мүшелерінің құрамын бекітуге ұсынылды.

Алтыншы мәселе бойынша мектеп – лицей директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ.

Педагогтерді аттестаттау бес жылда бір рет өткізіледі. Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен орынбасарлары үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді. Бұрын аттестаттау кезеңі деп қаңтар-мамыр, тамыз-желтоқсан аралығы саналса, бұйрық жобасында біліктілік санатын соңғы берген (растаған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейін немесе мерзімінен бұрын аттестаттау үшін жағдайлар болғанға дейінгі уақыт аралығы деп белгіленіп отыр.

Білім беру ұйымы жыл сайын 1 маусымға дейін алдағы оқу жылына аттестаттау жоспарын жасайды және бекітеді. Аттестаттау жылына 1 рет өткізіледі, рәсімдердің мерзімдері сәйкесінше ережелерде айқындалады. Біліктілік санаттары:

педагог-модератор;
педагог-сарапшы;
үшінші санаттағы басшының орынбасары;
екінші санаттағы басшының орынбасары;
үшінші санаттағы басшы,
екінші санаттағы басшы;
педагог-зерттеуші;
педагог-шебер;
бірінші санаттағы басшының орынбасары;
бірінші санаттағы басшы;

Құжатта "педагог-тағылымдамашы", "педагог" санаттары алынып тасталды.

Біліктілік санатын растау кезінде 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтер, "педагог-шебер" ПББ тапсырудан босатылып, қызмет нәтижелерінің кешенді жинақтаудан өтеді.

Ал жасы зейнеткерлікке төрт жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Тағайындалған біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы барлық көрсетілген ережелер оқу-әдістемелік үрдісте қолданыс тапсын.
2. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік жұмыс жоспары бекітілісін.

3. Әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері тағайындалып, пән апталықтары бекітілсін.
4. Жас мамандар мен оларға тәлімгерлер және олардың жоспарлары бекітілсін.
5. 2024-2025 оқу жылының басында барлық пәндер бойынша білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында әкімшілік бақылау алынсын.
6. Педагогтарға аттестация ережесі таныстырылсын.

Әдістемелік кеңес төрағасы Шакен Ә.Қ

Хатшы

№2 Әдістемелік кеңес
30 қазан 2024 жыл
Төрағалық етуші: Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары- Шакен Ә.Қ.
Қатысқандар: Мектеп педагогтары

КҮН ТӘРТІБІ

1. Олқылығы бар оқушылармен жүргізілетін жұмыстар туралы
2. Мектепішілік пән олимпиадасының даярлық барысы туралы
3. I тоқсан өтілген пән апталықтар қорытындысы
4. «Lesson study» зерттеу сабағын ұйымдастыру туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ. кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе бойынша** директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ мектеп бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған олқылықтарды жою мақсатында жұмыс жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысы жүргізілді. 02.09 - 13.09.21ж күндер аралығында тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау жұмыстары жүргізілді. Барлық пән мұғалімдері жеке тақырыптар бойынша тақырыптарды анықтау мақсатында нөлдік бақылау, тест жұмыстарын алды.

Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау мақсатында алынған жұмыстарды тексеріп, оқушылардың жіберген қателерін анықтап жоспар құрылды. Білімінде олқылықтары бар оқушылардың тізімін жасап, топтастырылды. Білімінде олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін консультациялардың кестесі жасалды.

Күн тәртібіндегі **екінші мәселе бойынша** директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ мектепішілік пән олимпиадасына дайындық жұмыстары туралы: - Қазіргі кезде балалар дарындылығын арттыру үшін көптеген жұмыстар жасалуда. Солардың ішінде дарынды оқушылар арасында өткізілетін пәндік олимпиадалардың орны ерекше. Пәндік олимпиадалар – оқушылардың білім деңгейін тексерудің бұқаралық сипаттағы жарыс түрінде өткізілетін бірден-бір формасы. Жалпы пәндік олимпиадалар мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылығын тудырумен бірге, олардың білімін бағалаудың әділ жолы болып табылады. Оқушының шығармашылық қабілетін іскер де білікті мұғалім ғана шебер ұйымдастыра

алады. Шығармашылық ізденіс арқылы оқушының ойлауы, қиялдауы, сана - сезімі өседі нақты біліммен қаруланады. Өзінің шамасы келетін мәселелер мен міндеттерді шеше білу іскерлігі мен дағдылары дамиды. Осы сатыға жету үшін басты назарда оқушының белсенді әрекеті шешуші роль атқарады. Олимпиада резервтерін дайындауда ең алдымен оқушының пәнге қабілетін анықтап, төменгі сыныптан бастап дайындаған тиімді нәтиже береді. Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы керек. Олимпиада резервтерімен жұмыс жүргізудің дайындық жолдарына тоқталсам, ол ең алдымен төмендегідей ұйымдастыру және оқу – әдістемелік бағыттарда жүзеге асады. Олимпиада резервтерінің тізімі жасалып, топтастырылды. Жетекшілермен өткізілетін сабақ кестесі жасалды. Дарынды балаларды сабақ үдерісінде дамыту мен табысты оқытудың басты мақсаты:

- пәндік біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіру;
- дарынды балалардың оқу мотивациясын арттыру;
- ақыл-ой қабілеттерін және зерек ойлылықты дамыту;
- өзін-өзі бақылай алу, өзін-өзі бағалау дағдыларын меңгеру;
- ізденушілік және өзбетінше білім алу әрекеттерін дамыту.

Күн тәртібіндегі **үшінші мәселе бойынша** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина:

Төртінші мәселе бойынша Дарын, КҒА, Зерде ғылыми жобаларға тіркелу, қатысу туралы бағдарлы: - Оқушылардың ғылыми зерттеуге қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми іздену әдістерін үйрету арқылы оқушыларды ғылыми көрегенділікке, шығармашылыққа баулып, өзін-өзі дамытуға құштар, икемді ақпараттық –интеллектуалдық ресурстарды қолдануға қабілетті, жаңашыл, қазіргі заман талабына сай жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарының қазіргі әдістерімен таныстыру
- Ғылым-техникалық прогрестің жетістіктерін насихаттау
- Оқушылардың ғылыми- ізденушілік дағдыларын қалыптастыру.
- Оқушыларға кәсібін таңдауда кәсіби бағдар беру.

2024 – 2025 оқу жылындағы оқушылардың зерттеу тақырыптары бекітілді. Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңіне 8 оқушы қатысып оның 2 оқушысы жүлделі орын алды.

Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (01.09.2022 ж. Жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді. Ереже 2-7 сынып оқушыларының «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының (бұдан әрі – конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, өткізу және қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

Конкурстың **мақсаты** балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

Конкурстың **міндеттері** – зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, оқушылардың үздік жетістіктерін бағалау және насихаттау, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту мәселесіне көпшіліктің назарын аудару.

Конкурс 4 кезеңде өткізіледі:

I кезең – мектепішілік, (мектепішілік кезеңіне 27 оқушы қатысты)

II кезең – аймақтық, аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері өткізеді; (аудандық кезеңге 23 оқушы қатысып, 8 оқушы жүлделі орны алды.)

III кезең – облыстық , (облыстық кезеңге 2 оқушы қатысып, 1 оқушы жүлделі орын иеленді)

Бесінші мәселе бойынша қазақ тілі бірлестік жетекшісі А.Зортаева бойынша өтілген пән апталықтар қорытындысымен таныстырды. -Мектептің оқу - тәрбие үрдісінде пәндік бірлестіктердің атқаратын жұмыстарының маңызы зор екендігі белгілі. Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі түрлерінің бірі - пән апталықтарын өткізу. Біздің мектебімізде де барлық пәндер бойынша пәндік апталықтарын өткізу дәстүрге айналған. Осы орайда, мектебімізде қыркүйек айында **«Игі істің басы - тіл»** атты **қазақ тілі мен әдебиеті** пәнінің апталығы өткізілді. Мазмұнды да әрі тартымды өткен апталықтың мақсаты - тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, қазақ тілі мен әдебиетінің мол мұрасымен кеңінен таныстыру, пәннің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу. Қазақ халқының әдебиетін негізге ала отырып, көркем әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің игі істерін насихаттау арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған барлық іс-шаралар, яғни интеллектуалды сайыстар мен сыныптан тыс іс- шаралар, пікір сайыстары мен ашық сабақтар заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы өткізілді. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу- сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге

асырылылды. Қорыта келе, ұстаз-жас ұрпақтың рухани сәулеткері және қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Ұстаз – әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы бола білсе ғана алдында отырған шәкірті білімді болады, болашақта ел тұтқасын берік ұстар азамат болады.

Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты – қазан айында **«Есть в осени первоначальной...» орыс тілі мен әдебиеті** пәнінің апталығы болып өтті. Пән апталығының мақсаты:

- оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту;
- әртүрлі жастағы білім алушылар арасында коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- орыс тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- жалпы тіл мәдениетін арттыру;
- балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту;
- тілге, мәдениетке, туған өлкеге ұқыпты қарым-қатынас пен қызығушылықты тәрбиелеу.
- Орыс тілі мен әдебиеті апталығының жоспары орындалды. Іс-шаралар жоғары әдістемелік және тәрбиелік деңгейде өтті және білім алушыларға жалпы тілдік, зияткерлік және танымдық қабілеттерін дамытуға, эрудицияны және жалпы білімдік ой-өрісін кеңейтуге көмектесті. Мұғалімдер мен білім алушылар апталықтың дайындығы мен өткізілуіне жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарады, оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен орыс тілі мен әдебиетпен қосымша айналысуға деген ынталарын көрсетті.
- **Ұсыныс:**
- 1.Білім беру процесінің сапасын арттыру, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық және практикалық дағдыларын дамыту мақсатында пәндік апталықтарды дәстүрлі өткізуді жалғастыру.
- 2.Шығармашылық немесе практикалық сипаттағы тапсырмаларды сапалы таңдау есебінен пәндік апталықты өткізу тиімділігін арттыру.
- 3.Жаңалықты енгізу мақсатында пәндік апталықты жоспарлау бойынша жұмысқа оқушыларды қосу.
- 4.Оқушылардың орыс тілі мен әдебиеті пәндеріне қызығушылығын дамыту.
- 5.Мұғалімдер мен білім алушыларға өзінің шығармашылық әлеуетін ашуға көмек көрсету.
- Осылайша, орыс тілі мен әдебиеті апталығы-дарынды балаларды анықтауға, шығармашылық қабілеттері бар, белгілі бір оқу пәндерін тереңдетіп оқытуға ұмтылатын оқушылармен жұмыстың перспективалық жоспарын әзірлеуге тамаша мүмкіндік.
- Күн тәртібіндегі **алтыншы мәселе бойынша** оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина «Lesson study» зерттеу сабағын ұйымдастыру туралы
- Оқушыға сапалы білім беруді мақсат тұтқан мұғалімің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастырылуын талап етеді. Ол мұғалімнің кәсіби

2. Мектепішілік пән олимпиадасының жүргізілуі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Сабақтарда оқу, математикалық, жаратылыстану – ғылыми сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар орындалсын.
4. Дарын, КҒА, Зерде ғылыми жобаларға дарынды оқушылар қатыстырылсын.
5. I тоқсан өтілген пән апталықтары қанағаттанарлық деп танылсын.
6. «Lesson study» зерттеу сабағын ұйымдастыру үшін зерттеу топтары құрылсын.

Әдістемелік кеңес төрағасы Шакен Ә
Хатшы Болатова А

№3 Әдістемелік кеңес
17.11.2024 жыл
Төрағалық етуші: Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары- Шакен Ә.Қ.
Күн тәртібінде:

1. Мектепті басқару және оқытуды жүзеге асыруда «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін, әдіс-тәсілдерін кеңінен енгізу

2. Мектептің даму жоспары бойынша атқарылған жұмыстар жайлы

Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ хабарлама жасады. «Мектепті басқару және оқытуды жүзеге асыруда «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесінде оқушыларды күрделі сұрақтарға қоя білуге, сыни тұрғыдан ойлауға, зерттеушілік дағдыларын дамытуға және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға үйретеді. Осы тәжірибені біздің мектепке енгізу мақсатында мектеп мұғалімдері сабақты зерттеу, тізбектелген сабақтар іс-әрекетті зерттеу, тәлімгерлік жұмыстары жүргізу жоспарланды.. Мектептің даму жоспары бойынша өткізілген коучинг , семинар, тренингтерде мұғалімдерге оқушылармен жүргізетін жұмыстарына бағыт-бағдар, кеңес, бірлесіп шешу жолдары көрсетілді, бірақ былтырғы оқу жылында сабақты зерттеуге алынған 10 сыныптарда жүргізілген жұмыстың нақты талдауы, кері байланыс беруі, қайта бірлесіп сабақты жоспарлау толық мәнінде өткізілген жоқ. Нақты дәлелдемелермен қамтылмаған. Алынған сыныптардың білім сапасына нақты саралау жұмыстары жүргізілмеген. Осы аталған кемшіліктерді орындау мақсатында жаңа оқу жылына алдыға қойған мақсат міндеттер белгіленді. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін мектеп тренерлеріне мектеп директорының 3 қазан 2020 жылғы №115 бұйрығы шығарылып, 2019-2020 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептері Д.Б.Б.Ұ. педагогикалық шеберлік орталығы әзірленген Тәжірбиедегі рефлексия жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша 100 академиялық сағат көлемінде мектепішілік курс ұйымдастыру төмендегі мұғалімдерге жүктелді:

Мектептегі жағдайды анықтау үшін талис сауалнамасының 11,18 және 24 сұрақтары сауалнама алған. Нәтижесінде мектептің қандай деңгейде тұрғандығы, алдағы уақытта мектептің даму жоспарына не өзгерістер енгізу керектігін анықталды. Ең алдымен мектеп көшбасшылары мұғалімдерді «Даму», «Алғыр», «Алға оқушы» тақырыптағы оқушылардың іс-әрекеттерін зерттеу топтарына бөліп, олар тізбектелген сабақтар топтамасын құрып, бірлесіп сабақ жоспарын құрып, оқушы үні арқылы сабақтың құрлымдарын өзгертіп және үнемі жақсарту жұмыстарын жүргізіп отыру жоспарланды. Мектепішілік коучниг-сессия, семинар, дөңгелек үстел қыркүйек, қазан айларында өткізілген. Оқу жылының басында «Сабаққа мақсатты қатыса және талдай білеміз бе?» тақырыбында өткен мектепішілік семинарда қазақ тілі пәнінің мұғалімі, I (ілгері) деңгейлі педагог-шебер Г.Қожамуратова «Топтық

жұмыс барысында дарынды оқушыларды анықтау және дамыту ерекшеліктері» тақырыбында мектепішілік коучинг-сессия жүргізді. Оқу жылының басында «Тәжірибедегі рефлексия» бойынша 3 мұғалім коучингтер А.Нурбаев, О.Калиев, А.Колбай жоғары сынып мұғалімдерімен коучингтер өткізді. Мұғалімдер коучингтен алған іс- тәжірибелерін сабақтарында өткізіп, кәсіби біліктіліктерін арттырды» Хабарламашы одан ары қарай алдағы атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп мұғалімдері өз пікірлерін ортаға салды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина хабарлама жасады. « 2019-2020 оқу жылынына мектептің даму жоспарына мектеп әкімшілігі, мектептегі шығармашылық топ мүшелері, тренерлер, деңгейлік курстан өткен мұғалімдерінің ұсыныстары бойынша жаңа оқу жылының даму жоспарына өзгерістер енгізілді. Алдыға қойылған мектептің басымдығы: «Интербелсенді әдістерді бірлескен жұмыстарда қолдану арқылы мұғалімдер мен оқушылардың белсенділігін арттыру және кәсіби біліктілігін үздіксіз дамытуды жолға қою» тақырыбында бекітілді. Мектептің даму жоспарына алдыға қойған мақсаттар:

1. Ата-аналарды мектепті басқару ісіне қатыстыру
2. Мектепте ата-аналар жиналыстарының жаңа түрлерін қолдану,
3. Оқушы үнін мектеп өмірінде ұдайы қолдану,
4. Сабақтарда топтық жұмысты қолдану арқылы оқушыларды көшбасшылыққа дағдыландыру
5. Мұғалімдер бірлестіктері арасында желілік қоғамдастық құру
6. Мектеп пен ата-аналардың арасында желілік қоғамдастық құру

Ұсыныс қабылданды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады.

1. «Тәжірибедегі рефлексия» бойынша мектеп жұмысы, курс өткізуі «қанағаттарнарлық» деп танылып, алдағы мерзімде атқарылантын жұмыстар жүйелі ұйымдастырылсын.

2. 10 сыныптарға мұғалімдердің ұсынысы бойынша сабақты зерттеу жүргізілсін.

3. Мектептің даму жоспары бойынша атқарылған жұмыстардың жүргізілуін қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбуринаға жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы Шакен Ә.Қ.

Хатшы Болатова А.

«Dostyk school» мектебі
ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: « 7»наурыз 2025 жыл
Өткізілген орны: «Dostyk school» мектебі

КҮН ТӘРТІБІ:
1. III тоқсандағы оқушылардың оқу нәтижелерін талдау. Мектепішілік бақылау қорытындысы.
2. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары.
3. 10–11 сыныптарда бейіндік пәндер бойынша оқушыларды оқыту сапасы.
4. 10–11 сынып оқушыларының тарих пәні бойынша сауаттылық деңгейін анықтау.
5. 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға, ББЖМ-ға дайындау туралы ақпарат.

ТЫҢДАЛДЫ:
1-мәселе бойынша
III тоқсандағы оқушылардың оқу нәтижелері және мектепішілік бақылау қорытындысы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина сөз сөйледі.
Баяндамашы III тоқсан қорытындысы бойынша 10–11 сынып оқушыларының білім сапасы, үлгерім көрсеткіштері, пәндер бойынша оқу нәтижелері талданғанын хабарлады. Мектепішілік бақылау барысында сабақтардың жүргізілу сапасына, оқу бағдарламаларының орындалуына, білім алушылардың оқу жетістіктеріне және мұғалімдердің бағалау талаптарын сақтауына назар аударылғаны айтылды.
Бақылау қорытындысы бойынша жекелеген пәндерден білім сапасын арттыру, білімінде олқылығы бар оқушылармен жеке жұмысты күшейту, тоқсандық нәтижелерді алдыңғы көрсеткіштермен салыстыра отырып жүйелі талдау қажеттігі атап өтілді.
Оқушылардың оқу жетістіктерінің динамикасы тұрақты бақылауда ұстауды ұсынды.

2-мәселе бойынша
Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар туралы қазақ тілі мұғалімі Болатова А. хабарлама жасады.
Оқу сауаттылығын дамыту тек тілдік пәндер аясында емес, барлық пәндер бойынша жүргізілуі қажеттігі айтылды. Сабақ барысында мәтінді түсіну, негізгі ойды анықтау, ақпаратты салыстыру, талдау, қорытынды жасау және алған білімін практикалық жағдаяттарда қолдануға бағытталған тапсырмаларды көбейту мәселесі қарастырылды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында мәтінмен жұмыс, ақпаратты интерпретациялау, кесте, сызба және диаграммалардағы мәліметтерді талдау дағдыларын дамыту ұсынылды.

3-мәселе бойынша

10–11 сыныптарда бейіндік пәндер бойынша оқушыларды оқыту сапасы туралы директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ баяндады. Бейіндік пәндер бойынша оқушылардың білім сапасы, пәнге қызығушылығы, оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі және білімді практикалық тапсырмаларда қолдану қабілеттері қарастырылды. Мұғалімдердің оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып сараланған тапсырмалар беруі және жоғары деңгейлі тапсырмалармен жұмыс жүргізуі маңызды екендігі айтылды. Сонымен қатар 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау барысында бейіндік пәндер бойынша тақырыптық қайталау, тест тапсырмаларын талдау және жіберілген қателермен жеке жұмыс жүргізу қажеттігі белгіленді.

4-мәселе бойынша

10–11 сынып оқушыларының тарих пәні бойынша сауаттылық деңгейін анықтау мәселесі бойынша Оспанов Д. сөз сөйледі.

Оқушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу, оқиғалардың себеп-салдарлық байланысын анықтау, тарихи кезеңдерді салыстыру, хронологиялық реттілікті сақтау және тарихи ақпарат негізінде қорытынды жасау дағдыларына назар аударылғаны айтылды.

Диагностикалық жұмыстар нәтижесінде анықталған білім олқылықтары бойынша қосымша түсіндіру, қайталау және жеке тапсырмалар ұйымдастыру ұсынылды.

1. 10–11 сынып оқушыларының тарих пәні бойынша сауаттылық деңгейіне жүйелі мониторинг жүргізілсін.
2. Анықталған білім олқылықтары бойынша түзету жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Тарихи дереккөздермен, карталармен, хронологиялық және мәтіндік тапсырмалармен жұмыс күшейтілсін.

5-мәселе бойынша

11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға және ББЖМ-ға дайындау жұмыстары туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина ақпарат берді.

Оқушылардың дайындық деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық және сынама жұмыстар жүргізу, олардың нәтижелерін жүйелі талдау, қиындық туғызатын тақырыптарды анықтау және сол бағыттар бойынша қосымша жұмыстар ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің өзара байланысын күшейту, оқушылардың дайындық барысын тұрақты бақылау ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жалғастырылсын.
2. Сынама және диагностикалық жұмыстардың нәтижелеріне тұрақты талдау жүргізілсін.
3. Нәтижесі төмен оқушылармен жеке және топтық қосымша жұмыстар ұйымдастырылсын.
4. Оқушылардың дайындық деңгейі әдістемелік бірлестік отырыстарында кезең-кезеңімен қарастырылып отырсын.

1. III тоқсан бойынша оқу нәтижелеріне жасалған талдау назарға алынсын.
2. Пән мұғалімдері білім сапасы төмендеген немесе тұрақсыз нәтиже көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жүргізсін.
3. Білімдегі олқылықтарды толықтыруға бағытталған қосымша тапсырмалар мен консультациялар жүйелі ұйымдастырылсын.

1. Барлық пән мұғалімдері сабақ барысында оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды жүйелі қолдансын.
2. Мәтіндік ақпаратты талдау, салыстыру және қорытынды жасауға арналған тапсырмалар үлесі арттырылсын.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстары әдістемелік бірлестік тарапынан бақылауға алынсын.

1. Бейіндік пәндер бойынша білім сапасын арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау мақсатында жүйелі мониторинг жүргізілсін.
3. ҰБТ-ға дайындық барысында тақырыптық тестілеу және қателермен жұмыс күшейтілсін.
4. Жоғары нәтиже көрсетуге қабілетті оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастырылсын.

Отырыс төрағасы: _____ / Шакен Д.Қ /

Хатшы: _____ / Болатова А. /

«Dostyk school» мектебі

ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 5 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «16» мамыр 2025 жыл
Өткізілген орны: «Dostyk» мектебі
Қатысқандар:
КҮН ТӘРТІБІ:
1. 2024–2025 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмысына талдау. Мектептің әдістемелік бірлестіктерінің мәселелері мен жұмыс перспективалары.
2. 2024–2025 оқу жылында мектептің педагог кадрларының біліктілігін арттырудың курстық жүйесі және педагогтерді аттестаттау қорытындысы.
3. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстарды талдау.
4. Оқушылардың қорытынды мемлекеттік аттестаттауға және ҰБТ-ға қатысуға дайындығы.
ТЫҢДАЛДЫ:
1-мәселе бойынша
2024–2025 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмысының қорытындысы бойынша директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары Шакен Ә.Қ баяндама жасады.
Оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, оқыту сапасын жетілдіру, озық педагогикалық тәжірибелерді тарату, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту бағытында әдістемелік жұмыстар жүргізілгені айтылды.
Әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында оқу бағдарламаларының орындалуы, білім сапасының көрсеткіштері, сабақ беру әдістемесі, функционалдық сауаттылықты дамыту, білімінде олқылығы бар және жоғары нәтижеге қабілетті оқушылармен жұмыс мәселелері қарастырылды.
Жыл қорытындысы бойынша әдістемелік жұмыстың нәтижелі бағыттарымен қатар, алдағы оқу жылында жетілдіруді қажет ететін мәселелер де белгіленді. Атап айтқанда, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуын күшейту, заманауи оқыту тәсілдерін сабақта тиімді пайдалану және оқушылардың білім нәтижелерін жүйелі талдау қажеттілігі айтылды.
Әдістемелік бірлестік мүшелері оқу жылы ішінде жүргізілген жұмыстар бойынша пікір білдіріп, келесі оқу жылына арналған басым бағыттар жөнінде ұсыныстарын ортаға салды.
2-мәселе бойынша
2024–2025 оқу жылында педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың курстық жүйесі және аттестаттау қорытындысы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Токбурина ақпарат берді.

Оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес біліктілікті арттыру курстарына қатысуы, кәсіби даму жұмыстары және аттестаттаудан өту барысы қарастырылғаны хабарланды. Курстан өткен педагогтердің алған білімдері мен тәжірибелерін оқу процесінде қолдануы және әріптестерімен бөлісуінің маңыздылығы атап өтілді.
Педагогтердің аттестаттау рәсіміне қажетті құжаттарды уақытылы жинақтауы, кәсіби жетістіктерін жүйелеуі және біліктілік санатын растау немесе арттыру бағытындағы жұмыстарды жоспарлы жүргізуі қажеттігі айтылды.
3-мәселе бойынша
Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстарды талдау бойынша И.Хамидов сөз сөйледі.
Оқу жылы ішінде пән мұғалімдері тарапынан үлгерімі төмен оқушылар анықталып, олардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бағытында жеке жұмыстар жүргізілгені хабарланды. Оқушылардың қиындық туғызатын тақырыптары анықталып, қосымша түсіндіру, қайталау, жеке және сараланған тапсырмалар беру жұмыстары ұйымдастырылғаны айтылды.
Жүргізілген жұмыстардың нәтижесін тұрақты бақылау, әр оқушының жеке білім динамикасын қадағалау және ата-аналармен байланысты күшейту қажеттілігі атап өтілді.
Пән мұғалімдері үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысында қолданылған әдістер және олардың нәтижелері жөнінде пікір алмасты. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға және жеке қолдау көрсетуге ерекше назар аудару ұсынылды.
1. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы назарға алынсын.
2. Әр пән бойынша білімінде олқылығы бар оқушылармен жеке жұмыс жалғастырылсын.
3. Оқушылардың білім нәтижелерінің динамикасына жүйелі мониторинг жүргізілсін.
4. Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері және ата-аналардың өзара байланысы күшейтілсін.
5. Келесі оқу жылында үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары диагностикалық нәтижелер негізінде құрылсын.
4-мәселе бойынша
11-сынып оқушыларының қорытынды мемлекеттік аттестаттауға және ҰБТ-ға қатысуға дайындығы туралы Шакен Ә.Қ. баяндады.
Оқушыларды қорытынды аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындау барысында пән мұғалімдері тарапынан жоспарлы жұмыстар жүргізілгені айтылды. Сынама тестілеулер мен бақылау жұмыстарының нәтижелері талданып, әр оқушының білім деңгейі мен қиындық туғызатын тақырыптары анықталғаны хабарланды. ҰБТ бойынша бейіндік пәндерге ерекше назар аудару, тест тапсырмаларын орындау дағдыларын жетілдіру, уақытты тиімді пайдалану, жіберілген

қателерді талдау және білім олқылықтарын толықтыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігі айтылды.
Сонымен қатар қорытынды аттестаттау алдында оқушыларға ұйымдастырушылық және психологиялық қолдау көрсету, емтихан өткізу тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу мәселелері қарастырылды.
ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысында анықталған мәселелер келесі оқу жылына арналған жоспарды құру кезінде ескерілсін.
3. Педагогтердің тәжірибе алмасуы, ашық сабақтар, шеберлік сағаттары және әдістемелік семинарлар өткізу жұмыстары жалғастырылсын.
4. Білім сапасын арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық әдістерді қолдануға басымдық берілсін.
5. 11-сынып оқушыларын қорытынды мемлекеттік аттестаттауға дайындау жұмыстары жалғастырылсын.
6. ҰБТ бойынша сынама тестілеулердің нәтижелері әр пән мұғалімі тарапынан жүйелі талдансын.
7. Нәтижесі төмен оқушылармен жеке консультациялар мен қосымша сабақтар ұйымдастырылсын.
8. Бейіндік пәндер бойынша тақырыптық қайталау және қателермен жұмыс күшейтілсін.
9. Сынып жетекшілері тарапынан оқушылар мен ата-аналарға қорытынды аттестаттау және ҰБТ бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
10. Оқушылардың емтиханға психологиялық дайындығына қолдау көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын.
11. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан уақытылы өтуі бақылауда ұсталсын.
12. Аттестаттаудан өтетін педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетілсін.
13. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін жинақтау және жүйелеу жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

ҚОРЫТЫНДЫ
Әдістемелік бірлестік отырысында қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, оқу сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету, білімінде олқылығы бар оқушыларға жүйелі қолдау көрсету және 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға сапалы дайындау алдағы жұмыстың негізгі бағыттары ретінде белгіленді.

Отырыс төрағасы: _____ Шакен Ә.Қ.
Хатшы: _____ Болатова А.